

Кедейлікпен және жұмыссыздықпен күрес жөніндегі 2000-2002 жылдарға арналған бағдарлама туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 3 маусым N 833

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Кедейлікпен және жұмыссыздықпен күрес жөніндегі 2000-2002 жылдарға арналған бағдарлама бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау

министрлігі екі апта мерзім ішінде Кедейлікпен және жұмыссыздықпен күрес жөніндегі 2000-2002 жылдарға арналған бағдарламаны жүзеге асыру бойынша іс-шаралар жоспарын Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 3 маусымдағы
N 833 қаулысымен бекітілген

Кедейлікпен және жұмыссыздықпен күрес жөніндегі
2000-2002 жылдарға арналған бағдарлама

ЕСКЕРТУ. Бағдарлама өзгерді және толықтырылды - Қазақстан
Республикасы Үкіметінің 2002.05.23. N 563

P020563_

қаулысымен.

Бағдарламаның мақсаты

Жұмыспен қамтудың белсенді саясатын жүзеге асыру және негізінен еңбекке жарамсыз аз қамтылған азаматтарға, сондай-ақ еңбек рыногындағы неғұрлым жағдайы осал халық санаттарына атаулы көмек көрсету есебінен кедейліктің ауқымын қысқарту және жұмыссыздық деңгейін төмендету.

Бағдарлама Қазақстанда әр отбасының кемінде бір мүшесін жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге бағытталған және жұмысы жоқ халықты еңбек қызметіне ынталандыратын жаңа жұмыс орындарын құруды көздейді.

Бағдарламаның міндеттері

Экономиканың өсуі негізінде әлеуметтік салада дәйекті реформа жүргізу арқылы халықтың тұрмыс деңгейін тұрақтандыру және арттыру, ең алдымен халықтың әлеуметтік осал жіктерін әлеуметтік бейімдеу;

экономикалық оңалту және әлеуметтік қолдау көрсету шаралары негізінде кедейлікпен нақты күрес жүргізу.

Елдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету процестеріне қауіп төндірмейтіндей көрсеткіштерге дейін жұмыссыздық деңгейін төмендету.

Бағдарламаны қаржылық қамтамасыз ету

Кедейлік деңгейіндегі аймақтық айырмашылықтарды ескере отырып, халықты әлеуметтік қамсыздандыру мен әлеуметтік көмекке мемлекеттік бюджеттен 2002 жылы - ІЖӨ-нің 1 % мөлшерінде қаражат бөлу көзделуде.

Сонымен қатар, Бағдарламаны қаржылық қамтамасыз ету донор-елдер

бөлетін техникалық гранттар, ерікті қайырымдылықтар арқылы да жүзеге асырылатын болады.

Проблеманы шешудің қосымша факторы республикалық бюджеттен зейнетақылар мен жәрдемақыларды уақытылы төлеу болып табылады.

Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер

Кедейлік ауқымын 1999 жылмен салыстырғанда 2002 жылға қарай 8,7 %-ға

қысқарту.

Жұмыссыздық деңгейін 2000 жылғы 13,5%-дан 2002 жылдың аяғында 9%-ға дейін төмендету.

Төменде Қазақстан Республикасының халықтың саны, еңбек ресурстары және жұмыссыздықты азайту туралы 2001-2002 жылдарға арналған мәліметтер келтіріледі, (мың адам).

Көрсеткіштер	! 2000 жыл	! 2001 жыл	! 2002 жыл
Халықтың саны	14869,1	14847,8	14848,5
Еңбек ресурстары, барлығы	8530,5	8534,3	8540,8
Экономикалық белсенді халық	7106,5	7100,7	7118,9
Экономикада еңбек ететіндер	6200,1	6295,2	6416,4
Жұмыссыздар	906,4	805,5	702,6

Бағдарламаны іске асырудың есебінен 2000-2002 жылдары 400,4 мың жұмыс орнын құру, бұрыннан бар жұмыс орындарының санын азайтуға жол бермеу көзделеді.

Квоталаудың есебінен 82 мың жұмыс орны сақталатын болады.

Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыруды жүзеге асыру 295,1 мың адам үшін жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді.

52,8 мың жұмыссыз адам кәсіптік оқуға және қайта даярлауға тартылады.

1. Кедейлікпен күрес

1.1. Кедейлік деңгейін бағалау

Қазақстанда нарық реформалары кезеңінде жұмыс істеуге қабілетті халықтың

экономикалық белсенділігі едәуір қысқарып кетті. 1991 жылдан бастап халықтың табысы азайып, кедейлігі артты. Осы уақытта, статистикалық деректерге қарағанда, ең ауқатты және ең кедей азаматтардың ақшалай кірістерінің арасындағы алшақтық 4 еседен 11 есеге дейін өсіп кетті. Сонымен бірге, кірістерді екінші рет және одан кейін қайта бөлуді, қайырымдылық көмегін және есепке алынбайтын кірістер көздерін статистика есепке алмайды. Осыған байланысты, облыстар әкімдерінің деректері бойынша аз қамтылған халықтың саны 19%-ға жуықты құрайды.

Ең төменгі күнкөріс мөлшерін жан басына шаққандағы ақшалай кіріс мөлшеріне қатысты есептегенде едәуір сәйкессіздік байқалады. 1999 жылы ең төменгі күнкөріс мөлшеріне орташа айлық еңбекақының шамасы Астана, Алматы қалалары мен Қарағанды облысында тиісінше 140%, 120% және 110% құраса, Ақмола және Алматы облыстарында тек 60%-ға жуықты құрайды.

Маңғыстау облысында ең төменгі күнкөріс деңгейі орташа республика бойынша алғандағыдан 47%-ға асады, мұның өзінде ақшалай кірістермен 82 %-ы ғана қ а м т а м а с ы з е т і л г е н .

Еңбекақы мен ең төменгі күнкөріс деңгейіне қатысты есептеу коэффициентін пайдалану кедей аудандардың жартысынан астамы Алматы, Оңтүстік Қазақстан облыстарында шоғырланғанын көрсетеді. Еңбекақы мөлшерінің ең төменгі күнкөріс деңгейіне қатысты есептеу коэффициентінің 15 пайызынан аспайтын мөлшері кедей аудандарға жатқызудың өлшемі болып табылады.

Қазақстандағы кедейлік пен жұмыссыздықтың негізгі себептері:

- 1) халықтың тұрақты тұратын жерінде сұранысқа ие жұмыс орындарының болмауы;
- 2) нарыққа көшу жағдайында халықтың кәсіпкерлікпен айналысуға және жұмыс і з д е у г е д а я р б о л м а у ы ;
- 3) шағын және жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қаржы және материалдық ресурстарға қол жеткізуінің шектеулілігі;
- 4) шағын және жеке кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымының, соның ішінде ақпараттық және оқытумен қамтамасыз етудің нашар дамуы;
- 5) шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қолданылып жүрген заңнамада көзделген өздерінің құқықтары мен жеңілдіктерін жеткілікті пайдаланбауы;
- 6) тауар өндірумен айналысатын шағын кәсіпкерлікке атаулы мемлекеттік қолдау көрсетудің жеткілікті түрде ашық жүргізілмеуі;
- 7) инвестициялық жобалар мен бағдарламаларды іске асыру кезінде пайдаланылатын кең тараған мамандықтар бойынша шетелдік жұмысшылар әкелуге жеткілікті б а қ ы л а у д ы ң б о л м а у ы ;
- 8) жергілікті атқарушы органдардың аз қамтамасыз етілген азаматтарға әлеуметтік көмек көрсетуді жүзеге асырудағы мүмкіндіктерінің жеткіліксіздігі, нақты мұқтаж адамдарды анықтау жөнінде халық арасында мониторингтің толық жүргізілмеуі;

9) жұмыс істеп жатқан ұйымдардың базасында немесе жаңа ұйымдар құруға қоса қатысу арқылы жұмыс орындарын құруға жәрдемдесуді ұйымдастыруда жергілікті органдардың белсенділігінің жетіспеуі;

10) бағасы арзан шетелдік тауарлар әкелінуіне байланысты отандық тауарлардың бәсекеге төтеп бере алмауы.

1.2. Әлеуметтік саясат туралы

Халыққа әлеуметтік көмек көрсетудегі оң өзгерістер 2000 жылдан бастап байқалатын болады және оның бүкіл жүйесін реформалау туралы айтуға болады. Бұл орайда, бұрын азаматтардың жекелеген санаттарына беріліп келген және кейіннен ақшалай өтемақыларға ауыстырылған заттай жеңілдіктер қайтарылмайды. Халықты әлеуметтік қорғаудың негізгі бағыты кедейлікпен күрес жүргізу болады.

2 0 0 0 ж ы л ы :

1) "Қазақстан Республикасындағы арнаулы әлеуметтік жәрдемақылар туралы" Z990365_ Қазақстан Республикасының Заңына алушылардың жекелеген санаттарына арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлемдерін жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен жүзеге асыру бөлігінде өзгерістер енгізілетін;

2) отбасының құрамына және жиынтық табысына қарай бюджеттің мүмкіндіктері ескеріле отырып, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсетудің мөлшері белгіленетін;

3) азаматтардың жиынтық табысын айқындаудың әдістемелік тәсілдері жетілдірілетін;

4) елді мекендердің бәрінде есепке алуды және есеп беруді бір жүйеге келтіру үшін аз қамтамасыз етілген азаматтардың есеп кәртішкесі енгізілетін;

5) қайырымдылық қызметін көтермелеу жөнінде шаралар қабылданатын болады.

2 0 0 1 - 2 0 0 2 ж ы л д а р ы :

1) атаулы әлеуметтік көмекті тағайындауды уәкілетті орган тиісті бюджетте атаулы көмек көрсету үшін көзделген сома шегінде жүзеге асыратын болады;

2) әлеуметтік қорғау жөніндегі бюджеттік бағдарламаларды қысқартуға тыйым салу енгізіледі;

3) атаулы әлеуметтік көмек көрсету бағдарламасы жан басына шаққандағы

орташа табысы кедейлік шегінен төмен болатын Қазақстанның барлық азаматтарын қамтитын болады;

4) оларға одан әрі қарай жұмысқа орналасуға жәрдем көрсету мақсатында еңбекке қабілетті жастағы жұмыс істейтін бір де бір мүшесі жоқ, аз қамтылған отбасыларының есебін жүргізу жалғастырылатын болады.

1.3. Халықтың әлеуметтік осал жіктерін мемлекеттік қолдау шаралары

1.3.1. Зейнеткерлер

Қазақстан Республикасының Үкіметі зейнетақылар мен жәрдемақылардың уақытылы төленуін қамтамасыз етеді.

Зейнетақының мөлшерін жыл сайын өсіріп отыру көзделеді.

Ең төменгі зейнетақы алатын жалғыздікті зейнеткерлерге айрықша көңіл бөлінетін болады.

1.3.2. Оралмандар

2000-2002 жылдары өзінің тарихи отанына қайтып оралған 38,5 мың оралман жұмысқа орналасуға мұқтаж болады деп күтілуде. Оларды халқы көп облыстардан өзге облыстардың барлығына орналастыру көзделіп отыр.

Оралмандарды жұмысқа орналастыру проблемаларын шешу үшін оларды оқыту және қайта оқыту, қоғамдық жұмыстарға қатыстыру, белгіленген квота есебінен жұмысқа қабылдау, сондай-ақ қосымша жұмыс орындарын құру көзделуде.

1.4. Еңбекке қабілетсіз адамдар

1.4.1. Мүгедектер

Мүгедектердің кедейлігі проблемасын шешу:

1) мүгедектерді оңалту, оларды қоғамға кіріктіруді нығайту, бағытталған бағдарламаларды, кембағал балаларды әлеуметтік және түзету- педагогикалық қолдауды жетілдіру жөніндегі заңнама базасын жасауды, белгілі тұрағы жоқ адамдарға арналған әлеуметтік бейімделу орталықтарын ұйымдастыруды;

2) жүйке аурулары ауруханалары мен мамандандырылған емдеу-алдын алу ұйымдары жанындағы емдеу-өндірістік шеберханаларында мүгедектерді еңбекпен емдеуді кеңейтуден, медициналық-әлеуметтік сараптау негізінде айқындалатын мүгедектерді медициналық, кәсіптік және әлеуметтік оңалту жүйесін жетілдіруді;

3) интернат үйлерінде санаторийлерде, ауруханаларда, сондай-ақ үй жағдайында пайдаланылатын протездік-ортопедия бұйымдарын неғұрлым жаңа және жетілдірілген технологиялар бойынша жасауды және балалар мен ересектерге арналған мүгедектік арбаларын, мүгедектер, қарттар және тірек-қозғалу аппараты бұзылған ауруларға арналған шағын механикаландырылған оңалту құралдарын шығаруды ұйымдастыруды;

4) жәрдемақыларды уақытында төлеуді қамтамасыз етуді;

5) жұмыспен қамту қызметтерінің жұмыс берушілердің, кәсіподақтардың қатысуымен мүгедектерді жұмысқа орналастыру жөніндегі шараларын іске асыруды;

6) жұмыс берушілердің өндірісте жарақат алған еңбекшілерге қатысты әлеуметтік жауапкершілігін күшейтуді;

7) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстарды мүгедектері басым мамандандырылған ұйымдарда орналастыруды қамтитын болады.

1 . 4 . 2 . Б а л а л а р

Жетімдер, үйсіз балалар, жағдайы нашар отбасыларындағы жұмыс істеуге мәжбүр балалар, мүгедек балалар, құқық бұзушы жас балалар ерекше көңіл бөлуді және көмекті қажет етеді. Жетім балаларға, сондай-ақ ата-анасының қамқорлығынсыз қалған , балаларға күтім жасайтын мекемелерде (балалар үйлерінде-интернаттарында, мамандандырылған білім беру ұйымдарында, отбасылық үлгідегі балалар деревняларында, әскери үлгідегі мектеп-интернаттарда тәрбиеленуші балаларға білім алу, емделу, әлеуметтік қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасалатын болады.

Балалардың қаңғыбастыққа салынуына байланысты осы әлеуметтік құбылысты жою жөнінде жедел шаралар қолданылатын болады. Барлық облыстарда панасыз балалар үшін - панасыздық себебін анықтаған және олардың одан әрі тағдырын айқындаған кезеңге ұстайтын жетімханалар құрылатын болады.

Республикада құрамы 5 мыңға жуық баланы құрайтын 35 балалар үйі және 114 отбасылық үлгідегі балалар үйі мен асырап алынған балалар үйі бар Балалардың интернат-үйлерінің жұмыс істеу практикасы өзгертілетін болады.

Бұл балалар кәмелетке толғанда оларды жұмысқа орналастыруға және тұрғын үй беруге жәрдем көрсетілетін болады.

1.5. Кедейлік шегі және мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек

Ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табысы бар халық санын Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі тоқсан сайын есептеп отырады.

"Ең төменгі күнкөріс деңгейі туралы" Z990474_ Заңға сәйкес кедейлік шегі мемлекеттің экономикалық мүмкіндіктеріне қарай белгіленеді және ол аз қамтамасыз етілген азаматтарға әлеуметтік көмек көрсетудің өлшемі қызметін атқарады.

Кедейлік шегінің мөлшерін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі тоқсан сайын күнкөріс деңгейінен пайызбен белгілейді. Атаулы әлеуметтік көмек ақшалай төлемдер түрінде жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен беріледі. Аз қамтылған азаматтарға берілетін атаулы әлеуметтік көмектің мөлшерін анықтаудың тәртібін облыстардың, Астана және Алматы қалаларының өкілетті органдары белгілейтін болады. Атаулы әлеуметтік көмектің мөлшері отбасының орташа жан басына шаққандағы табысына байланысты болады.

Аз қамтамасыз етілген азаматтарға атаулы әлеуметтік көмек көрсету, кезінде учаскелік комиссиялардың атаулы әлеуметтік көмек беру қажеттігі туралы қорытындылары ескерілетін болады.

Әлеуметтік көмекті алуға құқық отбасының жан басына шаққандағы кірісі туралы деректер негізінде белгіленетін болады.

2. Жұмыссыздықпен күрес - кедейлікті жоюдың негізгі шарты

2.1. Жұмыссыздық деңгейін бағалау

Қазақстанның нарыққа көшуі жұмыс істеуге қабілетті адамдардың жұмыспен қамтылуын төмендетіп жіберді. Жұмыссыздық көбейіп кетті.

Жұмыс күшінің көлеңкелі рыногы дамыды.

Ресми түрде тіркелген жұмыссыздықтың деңгейі немесе жұмыс іздеп жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдарға өтініш жасаған азаматтардың үлесі экономикалық белсенді халықтың 4,4 %-ын құрайды. Қазақстанда қатарына жұмыс істеуге қабілетті жастағы оқушылар, өндірістен қол үзіп оқып жүргендер, экономикалық қызметпен айналыспайтын және оқымайтын жұмыс істеуге қабілетті тұрғындар, жұмыс істемейтін көп балалы аналар, үй шаруасындағы әйелдер және басқа да жұмыс істемейтін адамдар енетін жұмыссыздардың үлесі 2000 жылдың басында халықтың 13,5 %, ал жекелеген аймақтар бойынша 15% және одан да көп пайызды құрайды.

Статистика жөніндегі агенттік республикадағы аймақтар мен салалар шегіндегі жұмыссыздық деңгейінің сараптық көрсеткіштерін және жұмыспен қамтылған санын тоқсан сайын беріп отыратын болады.

Қазіргі уақытта республикада 28,6 мың адам жұмыс істейтін 407 ұйым тоқтап тұр. 125,4 мың адам жұмыс істейтін 646 ұйым ішінара тоқтап тұрса, жұмыс істейтіндердің саны 3,7 мың адамды құрайтын 289 ұйым толық емес жұмыс күніне ауысқан.

Сонымен бір мезгілде, ауыл шаруашылығы ұйымдарын мемлекет иелігінен алу процесінде 2,3 миллион азамат өзінің қалауы бойынша кез келген уақытта пайдалана алатын шарттық жер үлесіне ие болғандықтан барлық жұмыс істемейтін азаматтар, әсіресе ауылдық жерлерде толық мәнінде жұмыссыздарға жатқызылмауы мүмкін. 1691,6 мың отбасының жеке қосалқы шаруашылығын жүргізуі үшін 939,9 мың отбасының бағбандық үшін және 57,6 мың отбасының бау-бақша үшін жер учаскелері бар.

Жұмысқа орналасуда қиындық көріп жүрген азаматтардың орташа жасы 45-50 жасты құрайды, 45 жастан асқан жоғары және арнаулы білімі бар әйелдердің мамандығы бойынша жұмыс табу перспективасы жоқ.

Ауылдық жерлерде, шағын қалалар мен жұмысшы кенттерінде жұмысқа орналасу проблемасы бұдан да өткір. Тіпті отбасы мүшелерінің бірде біреуі жұмыс істемейтін отбасылары пайда болды.

Халықты жұмыспен қамту жөніндегі уәкілетті органдарға жұмыс берушілер мәлімдейтін бос жұмыс орындарының (вакансиялардың) саны айына 8-9 мыңнан аспайды. Орташа есеппен республикада бір жұмыс орнына 29 жұмыссыз үміт артады.

Жұмыспен қамту ахуалы өнеркәсіп ұйымдары қала құраушылар болып табылатын қалалар мен жұмысшы кенттерінде ерекше өткір күйде қалып отыр. Аграрлық сектордағы өндіріс көлемінің құлдырауы да халықты жұмыспен қамтуға кері әсерін тигізуде. Ауыл тұрғындарының арасында, әсіресе жастардың қалаларға, экономикалық құрылымы неғұрлым дамыған аймақтарға күнкөріс іздеп қоныс аудару процесі күшейді.

2000-2002 жылдарда болжамдарға сәйкес еңбек рыногындағы ахуал мынадай факторлардың әсер етуімен қалыптасатын болады:

- 1) қалған мемлекеттік ұйымдарды жекешелендіру процестерінің жалғасуы экономиканың аграрлық секторындағы реформалардың күшеюі;
- 2) бюджет саласындағы реформалар, мемлекет функцияларының едәуір көлемінің жеке секторға аударылуы;
- 3) дәрменсіз өндірістердің банкроттығы және тарату рәсімдерінің жеделдетілуі, жұмыс күшін босату ауқымының өсуі;
- 4) тікелей шетелдік инвестициялар мен сыртқы заемдар тарту жолымен жоғары технологиялық және еңбекті көп тілейтін жаңа өндірістерді, инфрақұрылым және әлеуметтік сала объектілерін салуға және құруға бағытталған инвестициялық белсенділік;
- 5) жаңа жұмыс орындарын құруға бағытталған импорт алмастыру тұрғын үй құрылысы бағдарламаларын жандандыру;
- 6) Қазақстан Республикасындағы шағын кәсіпкерлікті дамытудың және қолдаудың 1999-2000 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру;
- 7) Шағын несие беру бағдарламасын кеңейту;
- 8) ауыл тұрғындарының қалаға көшуі, урбанизация процестерін дамыту.

Жұмыссыздықпен күресті қамтамасыз ету мақсатында қолданылатын белсенді іс-қимылдар мыналарды көздейтін болады:

- 1) болашағы бар салалар мен өндірістердегі экономикалық тиімді жұмыс орындарын сақтап қалу және санын көбейту;
- 2) түрлі қаржыландыру көздерін тарту есебінен инвестициялық белсенділікті арттыру жолымен жұмыс орындарын құру;
 - 2-1) шетелдік жұмыс күшін отандық еңбек рыногына жасырын әкелуді болдырмау;
 - 2-2) еңбек қатынастарын заңдастыру жөнінде шаралар қабылдау;
- 3) шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдай жасау, өзінің

меншікті ісін ашуға ұмтылған азаматтардың еңбек және кәсіпкерлік бастамашылығын қолдау;

- 4) қоғамдық жұмысты ұйымдастыру және түрлерін кеңейту;
- 5) жеке қосалқы, бағбандық және бау-бақшалық шаруашылығын жүргізу үшін жер учаскелерін беру;

6) еңбек рыногының сұраныстарын ескере отырып, жұмыссыздарды даярлау мен қайта даярлауды жетілдіру;

7) жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі мәліметтердің жалпы республикалық ақпараттық-талдау базасын кеңейту;

8) шағын несие беру жүйесін жетілдіру;

9) жұмыспен қамту лотереяларын дамыту.

Төменде аймақтар шегінде жұмыссыздықтың болжамды деңгейі туралы мәліметтер келтірілді:

Облыстар	Жұмыссыздық деңгейі (%)		
	! 2000 жыл	! 2001 жыл	! 2002 жыл
Ақмола	12,7	10,9	9,4
Ақтөбе	13,3	13	12,6
Алматы	13	11,9	10,9
Атырау	15,5	14,4	11,8
Шығыс Қазақстан	8,2	8	7,8
Жамбыл	14,3	13,3	11,3
Батыс Қазақстан	7,8	7,2	5,8
Қарағанды	12,7	10	9,4
Қызылорда	14,5	12,7	11,4
Қостанай	13,1	12,1	10,6
Маңғыстау	13,7	11,9	9,2
Павлодар	13,8	11,4	9,5
Солтүстік Қазақстан	12,8	12,5	9,9
Оңтүстік Қазақстан	14,3	12	9,6
Алматы қаласы	12,5	10,3	7,9
Астана қаласы	14,3	12,6	11
Ел бойынша	12,8	11,3	9,9

2.2. Өнеркәсіпте жаңа жұмыс орындарын құру

2000-2003 жылдары жұмыс орындарын құруда жеңіл, тамақ өнеркәсіптері, минералдық тыңайытқыштар өндірісі, машина жасау, сондай-ақ ауыл шаруашылығын

дамытумен тікелей байланысты өнеркәсіп салалары басым бағыт алмақшы.

Жұмыс істеп тұрған өндірістерді сақтау мен олардың жұмысқа қосылуын ұлғайту, сондай-ақ жаңа өндірістер құру импорт алмастыру бағдарламасын іске асыру арқылы қамтамасыз етілетін болады.

2.2.1. Машина жасау

Машина жасауда жұмыс орындарын құрудың негізгі бағыттары:

- 1) импорт алмастыру есебінен машина жасау өнімдері өндірісін дамыту жұмыс істеп тұрған өндірістер жағдайында 2000 жылы 200 млн. АҚШ доллары көлеміндегі өндірісті қалпына келтіруді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді;
- 2) сала ұйымдарында конверсиялық бағдарламаны іске асыру сапасы бойынша бәсекелестік қабілеті мол, ішкі және әлемдік рынокке қажетті өнімдерді, оның ішінде күрделі техника мен жабдықтар өндірісін игеруге мүмкіндік береді;
- 3) ауыл шаруашылығы техникасының өндірісін ұйымдастыру, тау-кен шахталары мен мұнай-газ өндірісіне қажетті машиналар жасауды дамыту;
- 4) ірі және орта машина жасау ұйымдарының тапсырыстары бойынша жұмыс істейтін шағын ұйымдардың тармақталған жүйесін құру.

Машина жасаудағы көрсетілген бағыттар бойынша жұмыс істеп тұрған өндірістерді қалпына келтіру және дамыту 7500 адамды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етеді. (2000 жылы - 3500, 2001 жылы - 3000, 2002 жылы - 1000).

2.2.2. Жеңіл өнеркәсіп

Бағдарламаны 2000 жылы жеңіл өнеркәсіпте іске асырудың бірінші кезеңінде мата және былғары өнеркәсібінің ірі өндірістеріне басымдық беріледі. Олар жеңіл өнеркәсіптің келесі буындарын отандық шикізатпен - тоқыма, маталар, былғары тауарларымен қамтамасыз етуге тиіс. Бұл, ең алдымен Шымкент қаласындағы "Южтекс" АҚ базасында құрылған "Адал" ЖШС, Алматы қаласындағы "АХБК-Озат" мақта-мата ұйымдарына, Алматы облысы Фабричный поселкесіндегі "Қарғалы" АҚ, Қостанай қаласындағы "Қостанайматакомпаниясы" ЖШС шұға-мәуіті өндірістік кәсіпорындарына, Өскемен қаласындағы "Мако" АҚ негізінде құрылған "КШТ" ЖШС аралас синтетикалық мата өндірісі кәсіпорындарына қатысты.

Мақта-мата және жүн иірмелері, былғары тауарлар түріндегі жартылай шикізаттарды шығару тоқыма және шұлық-ұйық ұйымдарын жұмыс істетуге, дайын мақта-мата және жүн маталар шығаруды ұлғайтуға, былғары бұйымдары өндірісін қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

Жеңіл өнеркәсіптегі ірі және орта ұйымдарда 2000-2002 жылдары барлығы 12 мыңға дейін жұмыс орнын қалпына келтіру көзделуде.

Сонымен қатар, бұл саладағы шағын кәсіпорындарда жаңа жұмыс орындары құрылады, ал бұл 14,2 мың адамды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етеді (2000 жылы -

6,7 мың, 2001 жылы - 5 мың, 2002 жылы - 2,5 мың).

2.2.3. Тамақ өнеркәсібі

Ішкі рыноктағы отандық тамақ өнімдерінің жоғары сұранысына орай саланың тікелей инвестициялар тартуға қолайлылығы тамақ өнеркәсібіндегі жұмыс орындарын қалпына келтірудің және дамытудың негізгі алғы-шарттары болып табылады. Саланың бірқатар өндірістерінде әлі де пайдаланылмаған едәуір қуаттар бар. Тамақ өнеркәсібіндегі импорт алмастыру бағдарламасында ішкі рынокке ғана емес, сыртқы рынокке де бағдарланған жаңа өндірістер басымдығы айқындалды.

Ет және сүт өнеркәсібінде бұл - ет және ет-өсімдікті консервілер түрлерін ұлғайта отырып, ет пен сүтті тереңдете өңдеуді ұйымдастыру қойылған және қоюландырылған сүт, құрғақ сүт қоспаларының, нан пісіру және тәтті өнімдерге қосылатын пайдалы қоспалардың жаңа түрлерінің өндірісін ауыл шаруашылығы өндірісін дамытумен байланыстырып құру.

2000-2003 жылдар ішінде тамақ өнеркәсібінде импорт алмастыру бағдарламасы шеңберінде қосымша 7,336 мың жұмыс орнын қалпына келтіру және қосымша құру көзделуде (2000 жылы - 3,2 мың, 2001 жылы - 2,136 мың, 2002 жылы - 2 мың).

2.2.4. Көмір өнеркәсібі

Көмір өндіру саласында Екібастұз бассейнінде энергетикалық көмір өндіруді тұрақтандыру және оны Ресей Федерациясына экспортқа шығару, Қаражыра, Шұбаркөл және Шөптікөл кен орындарынан күлділігі төмен көмір өндіру қуатын ұлғайту, жергілікті коммуналдық-тұрмыстық мұқтаждарын қанағаттандыру үшін аймақтық маңызы бар шағын көмір кен орындарын дамытуды қамтамасыз ету міндеті алда тұр.

Бұл көмір өнеркәсібіндегі жұмыспен қамтуды 5%-ға арттыруға, 1283-ге дейінгі адамды жұмыспен қамтуға мүмкіндік береді (2000 жылы - 700, 2001 ж. - 483, 2002 ж. - 100 адам).

2.2.5. Мұнай-газ және мұнай өңдеу өнеркәсібі

Мұнай және ілеспе газ өндіруді дамыту бағдарламасы шеңберінде 2000 жылы Каспий шельфіндегі барлау скважиналарын бұрғылауды жалғастыру Арал бассейнінде жапондық жоба бойынша геофизикалық зерттеулерді, КТК құрылысын, Атырау-Самара мұнай құбырының өткізушілік мүмкіндігін ұлғайту жөніндегі жұмыстарды жалғастыру жоспарлануда. Дүниежүзілік Банктің қаржыландыруы есебінен Өзен кен орнын қалпына келтіру Әлібекмола Қожасай, Ұрықтау кен орындарында өндіру, Теңіз МӨЗ мұнай дайындау қуаттарын ұлғайту жөніндегі жұмыстар жалғастырылады.

КТК жобасын жүзеге асыру жалғастырылатын болады, Батыс Қазақстан-Қытай

мұнай құбыры құрылысының техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу а я қ т а л а д ы .

2002 жылға дейін газ өндіруді ұлғайтудың негізгі көздері: Теңіз мұнай-газ кен орны және Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кен орны болып табылады. Қазақстанның оңтүстік аймағындағы (Амангелді кен орындары тобы) газ кен орындарын игеру арқылы өзбек газына тәуелділіктен арылу мәселесін шешу міндеті тұр.

2000 жылы қажетті экономикалық жағдайлар жасаумен қатар, Атасу стансасында мұнай құю мұнарасын салу арқылы Павлодар мұнай өңдеу зауытын отандық шикізатпен қамтамасыз етудің техникалық мәселелерін шешу есебінен мұнай өңдеу көлемінің төмендеу тенденциясы жойылуға тиіс.

"ШМӨЗ" АҚ-да каталитикалық крекинг кешенінің құрылысы жалғастырылатын б о л а д ы .

Көрсетілген шаралар кешені 2000-2002 жылдары кезеңінде мұнайгаз саласындағы жұмыспен қамтуды 11%-ға арттыруға және қосымша 3300 жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді (2000 жылы - 1000, 2001 жылы - 1000, 2002 жылы - 1300).

2.2.6. Тау-кен металлургия өнеркәсібі

Қазақстанның болат рыногындағы орнын сақтау және нығайту үшін қара металл өндірісін жетілдіруді, өндіріс шығындарын қысқарту және оларды әлемдік рынокке жақындату жөніндегі шараларды күшейтуді қамтамасыз ету міндеті алда тұр.

Салада "ССКӨБ" (ССГПО) ААҚ-да, "Қазақмыс корпорациясы" ААҚ-да, "Қазмырыш" ААҚ-да және басқаларда өндірісті арттыру көзделген. "Қазақмыс корпорациясы" ААҚ-да мырыш зауытының құрылысы басталып та кетті, ол 2003 жылдың басында пайдалануға беріледі. 2002 жылы Шалқия және Юбилейный кеніштеріндегі жұмыстар жаңғыртылады.

Тау-кен металлургия саласында жұмыспен қамтудың өсуі 2002 жылға қарай 4200 адамға көбейеді (2000 жылы - 2000, 2001 жылы - 1200, 2002 жылы - 1000).

2.2.7. Химия өнеркәсібі

Химия өнеркәсібінде шикізат базасын, әлемдік және ішкі рынок конъюнктурасын ескеріп, минералдық тыңайтқыштар, фосфор, хром қосындыларын шығару неғұрлым басым болып табылады, 2000-2002 жылдары оларды басым дамыту көзделеді.

Импортты алмастыру шеңберінде резина-техникалық өнімдер өндірісін қалпына келтіру көзделген. Бұл, ең алдымен, "Қарағандырезинатехника" ААҚ-н қалпына келтіру және отандық шикізатқа Қарашығанақ газ конденсатының өңделген өнімдеріне көшу есебінен шина өндірісінің бәсекелестік қабілеттігін арттыру. Сонымен қатар, титан, мырыш және барий пигменттері негізіндегі бояу-лак бұйымдарының өндірісін ұ й ы м д а с т ы р у .

Осының есебінен химия саласындағы еңбекпен қамтудың артуы 3500 адамға дейін

жетеді (2000 жылы - 2000, 2001 жылы - 1000, 2002 жылы - 500).

2.3. Ауыл шаруашылығы

Ауыл шаруашылығында жұмыспен қамтуды қамтамасыз етудің ықтимал мүмкіндіктерін іске асыру үшін мына шараларды жүзеге асыру көзделеді:

1) ұсақ тауарлы өндіріске бағдарланған мал өнімдерін сатып алу және өңдеудің икемді жүйесін құруға жәрдемдесу;

2) ұсақ жер пайдаланушыларды біріктіру процесін жеделдету үшін негіз жасайтын экономикалық тұтқалар әзірлеу;

3) негізінен тоқыраған селолық аудандар мен шағын қалаларда көтерме-өндірістік рыноктердің дайындаушы, өңдеуші ұйымдарының желісін құру;

4) агроөнеркәсіп кешенінің бірыңғай ақпараттық-маркетингтік жүйесін қалыптастыру;

5) жер учаскелерін кепілге беру және жерді пайдалану құқықтары мәселелері жөніндегі нормативтік-құқықтық кесімдерге өзгерістер енгізу;

6) ауылдық несие серіктестігін құру және кепілдік құралы ретінде "астықпен қолхат беру" институтын енгізу жолымен несие, ең алдымен науқандық несие ресурстарына қол жеткізуді қамтамасыз ету;

7) күш-жігерді машина-технологиялық стансаларын және ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын жалға беру пункттерін құруға жұмылдыру.

Ауыл шаруашылығында 165 мың жұмыс орнын (2000 жылы - 28 мың, 2001 жылы - 55 мың, 2002 жылы - 82 мың) құру көзделуде.

2.4. Шағын бизнес және кәсіпкерлік

2000-2003 жылдары өнеркәсіп, құрылыс және жер қойнауын пайдалану салаларында, көлік және коммуникациялар және т.б. объектілерде инвестициялық жобаларды іске асыру арқылы 17,4 мың жұмыс орнын құру көзделуде. Мемлекеттік емес сыртқы заемдар есебінен қаржыландырылатын инвестициялық жобалар бойынша 9,6 мың жұмыс орнын құру көзделуде. Инвестициялық жобалар бойынша 1,8 мың жұмыс орнын және қаржыландырудың басқа да көздері есебінен 600 жұмыс орнын қамтамасыз ету күтілуде.

Тікелей инвесторлармен келісім-шарттар жағдайлары бойынша 2000-2002 жылдары 15 мың жаңа жұмыс орны құрылады және жұмыс істеп тұрған 20 мың жұмыс орны сақталады деген болжам бар.

3. Халықты жұмыспен қамтудың аймақтық саясаты

Кедейлікпен және жұмыссыздықпен күрестің аймақтық саясаты мына міндеттерді шешуге бағытталады :

- 1) жұмыс орындарын құру, халықтың тұрмысын жақсарту, жұмыссыздықты қысқарту ;
- 2) қордаланған проблемаларды шешуді қамтамасыз ететін арнайы шараларды іске асыру жолымен бірінші кезекте мемлекеттік қолдауды талап ететін тоқыраған селолық аудандар тобын экономикалық сауықтыру;
- 3) астықты кесімді, "әділ" бағамен сатып алу арқылы ауыл шаруашылығын қолдау;
- 4) тоқтап тұрған өндірістерді қайта құрылымдау және сегменттеу, дәрменсіз ұйымдарды заңнамада белгіленген тәртіппен тарату және банкротқа ұшырату;
- 5) отандық тауар өндірушілерді, атап айтқанда, шағын және орта бизнес субъектілерін қолдау арқылы аймақтық рыноктердегі бәсекелестікті дамыту саясатын жүргізу .

Аймақтар шегінде халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөнінде мынадай шараларды жүргізу көзделеді :

Ақмола облысы. Ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау және өңдеу индустриясын дамыту, астық, ет-сүт өнімдерін өндіретін ауыл шаруашылығы салаларын мамандандыру көзделуде. Минералдық тыңайтқыштар өндіру, алтын өндіру мен өңдеу жолға қойылатын болады. Топтап пайдаланылатын су құбырларын қайта жаңарту; туризм мен спорт индустриясын дамыту; кен орындарын консервациялау мен тарату; техногенді уран қалдықтарын көму; су тазалау стансаларын қайта жаңарту көзделуде.

42 мың жұмыс орны құрылатын болады, 1564 адам кәсіптік оқудан өтеді.

Ақтөбе облысы. Мұнай-газ өндіру химия, қара металлургия, хром рудаларын өндіруді дамыту жүзеге асырылатын болады. Көмірсутегі шикізатын, сондай-ақ пайдалы қатты қазбаларды іздеу, әзірлеу, өндіру және өңдеу, ауылдарды газбен қамтамасыз ету объектілерінің құрылысы жалғастырылатын болады. Ауыл шаруашылығы машиналарын жасау, металл өңдеу, прибор жасау, құрылыс материалдары өнеркәсібінің, жеңіл өнеркәсібі ұйымдарының жұмысы жаңғыртылады. Меншікті энергетикалық қуаттарды дамытуға бағытталған шараларды іске асыру жалғастырылады .

Ауыл шаруашылығы секторында егіс танаптарының құрылымы оңтайландырылады . Батыс Қазақстан мен республиканың солтүстік және орталық аймақтарының тікелей көлік қатынастарын қамтамасыз ету шаралары іске асырыла бастайды.

6,4 мың жұмыс орны құрылып, 1,4 мың адам кәсіптік оқудан өтеді.

Алматы облысы. Өнеркәсіптің өңдеу және өндіру салалары кәсіпорындарын басым дамытуды жүзеге асыру электр энергиясына ішкі сұранысты шағын СЭС-терді қалпына келтіру және дәстүрден тыс энергия көздерін пайдалану есебінен қамтамасыз ету жөніндегі міндеттер шешілетін болады. Ауыл шаруашылығында негізгі тамақ өнімдеріне деген ішкі сұранысты толық қанағаттандыру үшін өндірістің өсуіне,

сондай-ақ оны аймақтық рыноктерде нығайтуға қол жеткізу қарастырылады. Жібек жолының қазақстандық учаскесінде туризм инфрақұрылымын дамыту жоспарлануда.

11,4 мың жұмыс орны құрылып, 1900 адам кәсіптік оқудан өтеді.

Атырау облысы. Мұнай-газ өндіру және мұнай өңдеу көлемін ұлғайту, мұнай өндірісіне қажетті машина жасау құрылыс материалдары өндірісін, балық өнімдері мен тамақ өнеркәсібін дамыту көзделуде. Атырау мұнай өңдеу зауытын; Атырау қаласындағы ұшу-қону алаңы мен әуежайын қайта жаңарту; көлік инфрақұрылымы, бірінші кезекте мұнай құбырын жүргізуді дамыту; автокөлік жолдарын жөндеу белгіленді. Ауыл шаруашылығы одан әрі дамытылады. Мал шаруашылығында табынды жылқы мен түйе өсіру неғұрлым жеделдетілген қарқынмен дамытылып, еділбай және қаракөл қойларының өнімділігін одан әрі жақсарту; етті-майлы қаракөл қойларының шығарылған жаңа түрінің өнімділік көрсеткіштерін арттыру жөніндегі селекциялық асылдандыру жұмыстары жүргізілетін болады.

11,6 мың жұмыс орны құрылып, 1950 адам кәсіптік оқудан өтеді.

Шығыс Қазақстан облысы. Түсті металлургияның өндіруші және өңдеуші ұйымдарының қуаттарын дамыту, олардың шикізат базасын арттыруды, болашақта қажетті геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуді, машина және прибор жасауды, жеңіл және тамақ өнеркәсібін, мұнай жабдықтары өндірісін, құрылыс материалдары индустриясын ұлғайтуды одан әрі дамыту көзделуде. Орман және ағаш өңдеу өнеркәсібі дамытылады.

Аграрлық секторда жармалық (тары, қарақұмық, бұршақ, сұлы), майлы (күнбағыс) дақылдары, мал шаруашылығында - сүт және ет мал шаруашылығы, биязы жүнді және жартылай биязы жүнді қой өсіру, құс өсіру және марал өсіру дамытылады. Май экстракты зауытын қайта жаңартуды аяқтау көзделуде. Туризм және демалыс индустриясын, оның ішінде Жібек жолының қазақстандық учаскесінде дамыту белгіленіп отыр.

51 мыңға жуық жұмыс орны құрылып, 6250 адам кәсіптік оқудан өтеді.

Жамбыл облысы. Өнеркәсіптің тау-кен және химия салаларын одан әрі дамыту; металл өңдеу, машина жасау және жабдықтар жасау; жеңіл, тамақ және қайта өңдеу өнеркәсіптерінің ұйымдарын қалпына келтіруді және дамытуды жүзеге асыру жоспарланып отыр. Экологиялық жағдайды сауықтыру шалғай елді мекендерді сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету белгіленуде. Жібек жолының қазақстандық учаскесінде туризм инфрақұрылымын дамыту жоспарлануда. Ауыл шаруашылығы салалары одан әрі дамытылатын болады, қант қызылшасы, тұқымдық жүгері егістіктерін едәуір ұлғайту, қаракөл шаруашылығын қалпына келтіру, тұқым өсіру және мал тұқымын асылдандыру ісін жақсарту үшін жағдайлар жасау міндеттері алда тұр.

29,9 мың жұмыс орны құрылып, 1180 адам кәсіптік оқудан өтеді.

Батыс Қазақстан облысы. Мұнай-газ химия кешенін жеңіл және тамақ өнеркәсібін, қорғаныс ұйымдарында машина жасау өндірісін дамытуды жеделдету көзделуде.

Қарашығанақ газ конденсаты кен орнын игеру мен селоны газдандыру жалғастырылады. Жайылымдық мал өсіру атап айтқанда етті-құйрықты қой өсіру, үйірлі жылқы және етті мал өсіру одан әрі дамытылатын болады.

25,5 мың жұмыс орны құрылып, 2708 адам кәсіптік оқудан өтеді.

Қарағанды облысы. Базалық салалар, соның ішінде жылу-энергетика кешені мен металлургия, мыс прокаты эмальқұбыр және кабель өнімдері өндірісі дамытылатын болады. Химия өнеркәсібі мен машина жасау, тамақ және жеңіл өнеркәсібін, тұрмыстық күрделі техника өнеркәсібін; ауыл шаруашылығында - етті-құйрықты қой шаруашылығын, етті мал шаруашылығын және үйірлі жылқы шаруашылығын дамыту көзделеді.

Туризм мен демалыс индустриясын дамыту көзделіп отыр. 39 мыңнан астам жұмыссыз қоғамдық жұмыстарға жіберілетін болады.

32,7 мың жұмыс орны құрылып, 7150 адам кәсіптік оқудан өтеді.

Қызылорда облысы. Энергетикалық кешенді, жеңіл, тамақ және мұнай өндіру өнеркәсібін, құрылыс материалдары индустриясы мен өндірістік инфрақұрылымды дамыту, интенсивті технологияны енгізу есебінен күріш өндіруді ұлғайту және етті-құйрықты қой шаруашылығы мен қаракөл шаруашылығын дамыту, Жібек жолының қазақстандық учаскесінде туризм инфрақұрылымын дамыту көзделіп отыр.

Мыналарды: қорғасын-мырыш кен орындарын және ауыл шаруашылығы машиналары үшін жабдық өндірісін игеру қарастырылады.

Аймақтағы экологиялық жағдайды сауықтыру басымдықты бағыттардың бірі болмақ.

11 мың жұмыс орны құрылып, 5200 адам кәсіптік оқудан өтеді.

Қостанай облысы. Темір рудасын өндіру мен өңдеуге, сондай-ақ агроөнеркәсіп кешені салаларында, атап айтқанда астық өндірісін, ет-сүт, бағытындағы мал шаруашылығын, үйірлі жылқы шаруашылығын, шошқа және құс шаруашылығын ұлғайтуға ықпал жасайтын шаралар қабылданатын болады.

36,8 мыңнан астам жұмыс орны құрылып, 530 адам кәсіптік оқудан өтеді.

Маңғыстау облысы. Отын, химия және мұнайхимия өнеркәсібін, МАЭК-ті қайта жаңартуды және жаңғыртуды одан әрі дамыту, жер қыртыстарының мұнай қайтарымын арттырудың ең жаңа әдістерін енгізу, қазіргі заманғы көлік инфрақұрылымын құру, теңіз кәсіпшілігі өндірісін ұлғайту, мұнай-газ кен орындарын жайластыруды кеңейту одан әрі жалғастырылатын болады. Ақтау теңіз портын қайта жаңарту балықтоңазытқыш құрылысы мен минералды тыңайтқыштар өндірісінің қуаттарын жаңғырту аяқталады. Ұлутас тастары, жемдік ұн өндірісін қалпына келтіру көзделуде. Ауыл шаруашылығында түйе шаруашылығы, қаракөл шаруашылығы, етті-майлы қой шаруашылығы дамытылатын болады. Туризм және демалыс индустриясын, оның ішінде Жібек жолының қазақстандық учаскесінде дамыту көзделуде.

22,7 мың жұмыс орны құрылып, 220 адам кәсіптік оқудан өтеді.

Павлодар облысы. Электр энергиясын, көмір сату рыноктерін одан әрі кеңейту, энергосыйымдылықты өндірістерді дамыту глинозем, ферроқұймалар өндірісін одан әрі дамыту, мұнай өңдеу зауытының, көмір разрездерінің өндірістік қуаттарының толық жұмысын қамтамасыз ету көзделеді. Аграрлық секторда жарма (тары, қаракұмық, бұршақ, сұлы) майлы (күнбағыс) дақылдары өндірісі, мал шаруашылығында - ет-сүт бағытындағы мал шаруашылығы мен етті-майлы қой шаруашылығы дамытылатын болады.

54,6 мың жұмыс орны құрылып, 2850 адам кәсіптік оқудан өтеді.

Солтүстік Қазақстан облысы. Мемлекеттік конверсиялық бағдарламалар базасында машина жасауды, жеңіл және тамақ өнеркәсібін, прибор жасауды және ғылыми еңбекті көп қажет ететін жекелеген өндіріс түрлерін одан әрі дамыту жөнінде шаралар жүзеге асырылатын болады.

Дәнді дақылдар өндірісінің, ет-сүт бағытындағы мал шаруашылығын және шошқа шаруашылығы көлемін ұлғайту көзделіп отыр. Уран рудниктерін консервациялау мен жою және техногенді уран қалдықтарын көму жөніндегі жұмыстар жалғастырылатын болады. Топтық магистральдық су құбырларын қалпына келтіру және қайта жаңғырту жолымен селолық елді мекендерді сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстар одан әрі өрістетілетін болады.

9,3 мың жұмыс орны құрылып, 4784 адам кәсіптік оқудан өтеді.

Оңтүстік Қазақстан облысы. Жеңіл және тамақ, химия және мұнай-химия өнеркәсіптерін, түсті металлургияны, машина жасауды, сондай-ақ мақта шаруашылығы мен жүзім шаруашылығы сияқты ауыл шаруашылығының негізгі салаларын, Жібек жолының қазақстандық учаскесінде туризм инфрақұрылымын одан әрі дамыту көзделуде. Көпір және "Қызыләскер-Киров" автомобиль жолының құрылысы жалғастырылатын болады.

10,3 мың жұмыс орны құрылып, 1800 адам кәсіптік оқудан өтеді.

Астана қаласы. Астананы дамыту әзірленіп жатқан "Астананы гүлдендіру - Қазақстанды гүлдендіру" ұлттық бағдарламасы шеңберінде көзделіп отыр. Елдің бүгінгі экономикалық жағдайы талап етіп отырған ішкі мемлекеттік ықпалдасу болашақ Бағдарламаның негізі болуы мүмкін. Қазақстан аймақтарының экономикалық байланыстарын дамытудың сызбасы болашақ Бағдарламаның деңгейіне айналуға тиіс. Ауыл шаруашылығының машиналарын жасауды дамыту астық және жемдік азық жинау комбайндары, тұқым өңдеу техникасы өндірісін ұйымдастыру көзделуде. Астана тіршілігін қамтамасыз ету және көркейту объектілерін жаңғырту, тұрғын үй құрылысы, инфрақұрылым және мәдени-тұрмыстық объектілерін қайта жанарту жөніндегі шаралардың кең ауқымды кешені жүзеге асырылатын болады. Туризм және демалыс индустриясын дамыту белгіленіп отыр, Астана қаласында халықаралық әуежай құрылысы жалғастырылатын болады.

12 мың жұмыс орны құрылып, 1900 адам кәсіптік оқудан өтеді.

Алматы қаласы. Жасалған ғылыми-техникалық және өндірістік-әлеуетті барынша пайдалану, қаржы және банк саласын, жеңіл және тамақ өнеркәсібін дамыту, қорғаныс ұйымдарын конверсиялау негізінде жетекші машина жасау салаларын, қызмет көрсету және туризм салаларын дамыту негізінде, сондай-ақ Алматы әуежайының жаңа жолаушылар терминалын салу негізінде қаланы әлеуметтік-экономикалық одан әрі дамыту жүзеге асырылатын болады. Қаланы Орталық Азияның аймақтық қаржы орталығы ретінде дамыту жөніндегі іс-шаралар жүзеге асырылатын болады.

33 мыңға жуық жұмыс орны құрылып, 6800 адам кәсіптік оқудан өтеді.

Жергілікті бюджеттер аймақтық экономиканың жай-күйіне барған сайын көбірек тәуелді бола түседі. Үкімет жұмыс күшінің, капитал мен инвестицияның еркін қозғалысын ынталандыра отырып, қаржы рыногындағы, еңбек және инвестиция рыноктарындағы аймақаралық бәсекелестікті күшейтуді көздеуде.

Кедейліктің және жергілікті халықтың жұмыспен қамтылуының аса маңызды өзекті көрсеткіштері негізінде аймақтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын бағалаудың рейтингілік жүйесін одан әрі жетілдіру қарастырылады.

4. Жұмыссыздарды жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу жөнiндегi шаралар

Еңбек рыногында белсенді түрде жұмыс іздеп жүрген азаматтардың жұмысқа орналасуына жәрдемдесудің негізгі өлшемі - бос қызмет орындары банкін қалыптастыру, ұлғайту және пайдалану болып табылады.

Белсенді жұмыс іздеудің нақты қадамдарына: халықты жұмыспен қамту жөніндегі мемлекеттік уәкілетті органдарда немесе жеке меншік агенттіктерде тіркелу, жұмыс берушілерге өтініш жасау, бұқаралық ақпарат құралдарына жұмыс іздеу туралы хабарландыру беру, өзінің жеке ісін ұйымдастыруға әрекет ету немесе еңбек рыногындағы сұраныстарды ескере отырып, кәсіби даярлықтан өту жатады.

Қалалар мен аудандардағы халықты жұмыспен қамту жөніндегі уәкілетті органдар мынадай қызметтерді көрсетеді:

1) азаматтарды жұмысқа орналастырудың мүмкіндіктері туралы және осы немесе басқа бір жұмысқа орналасқысы келген адамдарға қойылатын талаптар жөнінде х а б а р д а р е т е д і ;

2) жалпы білім беру мекемелерінің түлектері мен әлеуметтік қорғауға аса мұқтаж азаматтарға лайықты жұмыс таңдауда, сондай-ақ жаңа жұмыс орындарына, вахталық әдіспен, шетелде жұмысқа орналасуға жәрдемдеседі;

3) жұмыс іздеуде қиындық көріп жүрген азаматтарға консультация береді;

4) қоғамдық жұмыстарды ұйымдастырады;

5) жұмыссыз азаматтарды оқытады және қайта оқытады;

6) шағын несие беру арқылы жұмыссыздарға өзінің жеке ісін ұйымдастыруға жәрдемдеседі ;

7) кәсіби даярлауға, іскерлік машықтарын үйретуге мемлекеттік тапсырысты кәсіби білім беру оқу орындарының желісі арқылы анықтайды;

8) бастауыш және орта кәсіптік оқу орындарының түлектерін жұмысқа орналастыруға жәрдемдеседі .

Еңбек рыногының қажеттіліктерін ескере отырып, жұмысшылар мен мамандар даярлаудың көлемі мен бейіндерін әзірлеуде және түзетуде оқу орындарына ақпараттық және әдістемелік көмек көрсетілетін болады.

Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдар көрсететін жұмысқа орналастырудың дәстүрлі нысандарынан басқа жұмыс іздеуші азаматтарды жұмысқа орналастырудың баламалы нысандары дамытылатын болады. Бұл, ең алдымен, жоғары ақы төленетін және беделді жұмыс таңдау үшін ақы төлеуге қабілетті, неғұрлым білікті әрі болашағы бар жұмыс күшін қолданып жүрген шеңберінде жұмысқа орналастыруды өз мойнына алатын жұмысқа орналастыру жөніндегі жеке агенттіктер. Жұмысқа орналастырудың баламалы түрлерінің болуы, бір жағынан жұмыс іздеуші азаматтардың қажетті қызмет түрлерін пайдалану мүмкіндіктерін кеңейтеді, екінші жағынан - жұмысқа орналастырумен айналысатын ұйымдар арасында бәсекелестік ортаны туғызады .

Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі жұмыс белсенді түрде жұмыс іздеп жүргендер үшін өрістетілетін болады.

Жұмыссыздарды тоқсан сайын есепке алу және жұмысқа орналасуға мұқтаж адамдардың санаттарын анықтау жолға қойылады, еңбек биржаларының қызметі олар адамдарды жұмыспен нақты қамтамасыз ете алатындай етіп жандандырылатын болады.

Төменде жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдарға өтінішпен келетін жұмыссыз азаматтардың болжамды саны көрсетілді:

Облыстар	Жұмыссыз адамдар саны		
	! 2000 жыл	! 2001 жыл	! 2002 жыл
Ақмола	52500	45000	38800
Ақтөбе	43500	42400	41200
Алматы	86400	77800	71000
Атырау	32400	30200	25100
Шығыс Қазақстан	61400	59200	57700
Жамбыл	61700	58100	49200

Батыс Қазақстан	23000	21400	17300
Қарағанды	90500	71000	66500
Қызылорда	37200	33500	30200
Қостанай	64500	58400	50800
Маңғыстау	21000	18700	14700
Павлодар	57000	47000	38700
Солтүстік Қазақстан	45200	44700	35000
Оңтүстік Қазақстан	118600	99700	80900
Алматы қаласы	89100	79500	70600
Астана қаласы	22500	18900	14900
Ел бойынша	906400	805500	702600

Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдардың жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыру жөніндегі негізгі іс-шаралары мыналар болады:

1) жұмыс іздеу процесінде жұмыссыздарға көрсетілетін қызметтер тізбесін кеңейту;

2) жұмыссыздарды жұмыс іздеу дағдыларына үйрету;

3) жұмыс берушімен байланысты нығайту, өтінімдер бойынша кадрларды

іріктеу, семинарлар, бос орындардың жәрмеңкелерін өткізу;

4) жұмыс берушінің жұмыс күшіне өтінім беру тетігін пысықтау;

5) еңбек рыногының жағдайы және қолда бар бос орындар туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халыққа тұрақты хабарлап отыру;

6) еңбек рыногындағы жағдай туралы жедел және толық мәліметтер жинау үшін еңбек делдалдығымен айналысатын барлық ұйымдар арасында өзара іс-қимыл жасау рәсімін әзірлеу болып табылады.

Төменде жұмысқа орналастырылатын жұмыссыздардың болжамды саны келтіріледі:

Облыстар	! Жұмысқа орналастырылады, адам		
	! _____		
	! 2000 ж.	! 2001 ж.	! 2002 ж.
	!	!	!
Ақмола	5000	6030	6180
Ақтөбе	9450	8500	8500

Алматы	10434	9000	11000
Атырау	2000	2300	2500
Шығыс Қазақстан	9600	13100	10300
Жамбыл	11168	9273	9438
Батыс Қазақстан	5183	5500	5000
Қарағанды	18023	25000	18000
Қызылорда	4000	5000	6000
Қостанай	8400	8100	8000
Маңғыстау	4300	4600	5000
Павлодар	5900	6200	6500
Солтүстік Қазақстан	4000	4100	4200
Оңтүстік Қазақстан	7900	8200	8300
Алматы қаласы	8500	8700	9000
Астана қаласы	2900	3135	3270
Ел бойынша	116758	113067	114594

364,7 мың жұмыссызды жұмысқа орналастыру көзделуде.

2000-2002 жылдары мақсатты топтар бойынша 82 мың адам жұмысқа орналастырылатын болады. Олардың ішінде: аз қамтылған адамдар; 21 жасқа дейінгі жастар; 23 жасқа дейінгі балалар үйінің тәрбиеленушілері, жетім балалар және ата-анасының қарауынсыз қалған балалар; кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеуші жалғызділікті, көп балалы ата-аналар; Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен үнемі күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдарды асырап отырған азаматтар; зейнеткер жасына таяп қалған адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалғанда); мүгедектер; Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босатылған адамдар; бас бостандығынан айыру орындарынан және (немесе) мәжбүрлі емдеуден босатылған адамдар; репатрианттар (оралмандар).

2000 жылдың 2 тоқсанында Қазақстан Республикасының Үкіметі мүгедектер жұмыс істейтін ұйымдарды қолдау мақсатында "Мемлекеттік сатып алу туралы" Z970163_ Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасының Парламентіне ұсыныстар енгізеді.

Белгілі бір санаттағы және біліктіліктегі мамандарға еңбек рыногының мұқтаждығы ескеріле отырып, жұмыссыздарды даярлау және қайта даярлауға ерекше назар аударылатын болады. Бұл үшін:

1) жұмыссыздар үшін қызмет саласын таңдау мәселелері бойынша кәсіптік

бағдар қызметтерін көрсету кеңейтіледі. Бұл мақсаттар үшін өзекті кәсіптер мен оқу-курстық желі бойынша аймақтық мәліметтер банкі жасалатын болады;

2) жұмыссыздар қатарындағы азаматтарды қайта даярлау үшін білім беру ұйымдарын іріктеу кезінде конкурс мүмкіндіктері белсенді пайдаланылатын болады;

3) жұмыссыздарды шағын және орта кәсіпкерліктің, фермерлік шаруашылықты жүргізудің негіздеріне оқыту жөніндегі қызмет жандандырылады.

Төменде кәсіби оқыту жөнінде деректер берілген:

Облыстар	!Кәсіптік оқытуға жіберілетін адамдар		
	!		
	! 2000 ж.	! 2001 ж.	! 2002 ж.
Ақмола	470	583	590
Ақтөбе	300	580	800
Алматы	500	3400	3500
Атырау	600	790	750
Шығыс Қазақстан	2350	2100	2720
Жамбыл	400	400	380
Батыс Қазақстан	708	1000	1000
Қарағанды	1300	2800	3050
Қызылорда	1800	1700	1700
Қостанай	100	300	350
Маңғыстау	50	400	400
Павлодар	900	950	1000
Солтүстік Қазақстан	1160	187	194
Оңтүстік Қазақстан	500	600	700
Алматы қаласы	2000	2300	2500
Астана қаласы	500	650	750
Ел бойынша	13638	16835	17713

2000-2002 жылдары 52,8 мың жұмыссыз оқытылады және қайта оқытылатын болады.

Жеке еңбек қызметіне көмектесу және оны қолдау еңбек рыногының белсенді саясатының маңызды құралы болып табылады. Адам соларға сүйене отырып, өзінің

бизнес-жоспарын құра алатын құзыретті консультациялық ұйымдар құру қажет. Консультациялар ұйым тұжырымдамасының экономикалық

перспективасына сараптау бағасын беруге тиіс. Консультанттардың қызметі ұйымның табысына қарай төленетіні маңызды тұсқа айналуға тиіс. Бұл ретте мемлекеттік консультациялық қолдау бірте-бірте кәсіпкерлерді жеке меншік экономикалық консультациясына көшіруі тиіс.

Төменде жұмыс орындарын құру туралы болжамды деректер келтіріледі:

Облыстар	!2000 жыл	! 2001 жыл	! 2002 жыл	! Барлығы
Ақмола	11560	7700	4896	41960
Ақтөбе	2630	1500	2290	6420
Алматы	5846	6000	7448	11366
Атырау	8297	4300	4380	11647
Шығыс Қазақстан	16700	18467	18000	50999
Жамбыл	11168	9273	9438	29879
Батыс Қазақстан	8588	7449	9472	25509
Қарағанды	10915	10915	10915	32745
Қызылорда	8038	1380	1570	10988
Қостанай	11851	11634	13392	36877
Маңғыстау	7928	6607	8195	22730
Павлодар	15878	7600	9000	54578
Солтүстік Қазақстан	4237	15052	12806	9308
Оңтүстік Қазақстан	5828	2678	1887	10393
Астана қаласы	3984	4000	5050	12034
Алматы қаласы	12778	10193	10007	32978
Ел бойынша	146226	121535	132650	400411

5. Ішкі еңбек рыногын қорғау

Ішкі еңбек рыногын қорғау мақсатында шетелдік жұмыс күшін әкелуге квота белгілеу көзделеді. Түйінді міндеттер қатарында: шет елдермен қоныс аударушылардың уақытша болатын елдерінде олардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды, сондай-ақ оралғаннан кейін олардың құқықтарын қамтамасыз етуді көздейтін тиісті келісімдер жасасу арқылы жұмыс күшінің иммиграциясы мен

эмиграциясын реттеу; заңсыз еңбек миграциясын тыю және иммиграциялық бақылауды ұйымдастыру белгіленді.

Қазіргі уақытта шетелдік жұмыс күшін әкелуді лицензиялау елдегі инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде жергілікті кадрларды ұтымды пайдалану проблемасын толық шешпей отыр. 2000 жылы саны 7 мың адам болатын шетелдік жұмыс күшін әкелу көзделіп отыр. Сонымен қатар, оларды заңсыз әкелу орын алуда, олар кейбір бағалаулар бойынша заңды түрде әкелінетін көлемнен асып түседі. Қазақстан Республикасының Үкіметі республикада пайдаланылатын шетелдіктердің санын кезең-кезеңімен қысқартудың және оларды жергілікті жұмыс күшімен ауыстырудың тетігін әзірлейді, Қазақстанға шетелдік жұмыс күштерін әкелуге шек қойылатын кең таралған кәсіптердің тізбесін белгілейді.

6. Шағын несиелер

Шағын несиелендіру бағдарламасын Қазақстанның бүкіл аумағында тарату жоспарлануда. Басым тәртіппен - тоқыраған және экономикалық апатқа ұшыраған ауылдық аудандарға қолданылады. Несиелендіру тетігі оңайлатылады. Несие алу шарттары өзгертілді.

Шағын несиелерді қайтару мерзімдері қызмет түріне қарай белгіленетін болады. Сауда және коммерциялық қызмет ұйымдастыруға - 3 ай, халық тұтынатын тауарлар шығаруды және халыққа қызмет көрсетуді ұйымдастыруға - 6 ай, маусымдық ауыл шаруашылығы өндірісіне - 9 ай, мал шаруашылығына - 12 ай.

Несиелерді оларға қызмет көрсетумен байланысты шығыстарды жабуды қамтамасыз ететін ең төменгі пайызбен беру көзделеді. Шағын несие алуға жұмыссыздар қатарындағы азаматтар өз бетімен жұмыс істеп, өз ісін дамытуға ниет білдірген адамдар үміткер болуға тиіс. Сондай-ақ, шағын несиелендіру үшін адамдар топтарына да несие беріледі. Мұндай топтарға бірігу несие ресурстарын неғұрлым тиімді пайдалануға және қайтарымдылығы үшін жауапкершілікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Шағын несие сомалары АҚШ 100 долларынан 400 долларына дейінгі аумағында сараланды.

Шағын несиелендіру бағдарламасын инвестициялар мен ерікті қайырымдылықтар есебінен қаржыландыру көзделеді. Барлық халықаралық қаржы институттарының және шағын несиелендіру жөніндегі пилоттық жобаларды жүзеге асыратын донор елдердің практикасы талданатын болады.

7. Қоғамдық жұмыстар

Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыруда жол құрылысын дамыту, жол жөндеу, ағаш отырғызу, инфрақұрылымды (коммуналдық жүйе, телефондандыру және т.б.) дамыту бағдарламалары басым бағыт алады.

2000-2002 жылдары барлығы 295,1 мың адам қоғамдық жұмыспен айналысатын болады.

Төменде аймақтар шегінде қоғамдық жұмыстарға жіберілетін адамдар саны туралы болжамды деректер келтіріледі:

Облыстар	! Қоғамдық жұмыстарға жіберілетін болады		
	! 2000 жыл	! 2001 жыл!	! 2002 жыл
Ақмола	5160	6424	6906
Ақтөбе	3000	8000	8000
Алматы	1040	8000	9000
Атырау	1594	4700	4000
Шығыс Қазақстан	8750	14000	11100
Жамбыл	2800	2800	2900
Батыс Қазақстан	4013	4023	4500
Қарағанды	11234	18450	18400
Қызылорда	3500	4500	5500
Қостанай	2434	6200	4500
Маңғыстау	1500	5300	5500
Павлодар	7655	9600	10000
Солтүстік Қазақстан	5764	5600	5600
Оңтүстік Қазақстан	6825	7250	7700
Алматы қаласы	5000	5700	5700
Астана қаласы	1040	1660	1750
Ел бойынша	71810	80607	87031

8. Бағдарламаның орындалуын құқықтық қамтамасыз ету

Кедейлік, жұмыссыздық және жұмыспен қамту мәселелері жөнінде нормативтік құқықтық актілер әзірленеді, сондай-ақ қолданылып жүрген заңнамаға және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін болады.

Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдері:

жұмысқа орналасуға жәрдемдесу және жұмыссыздарға әлеуметтік көмек көрсету мәселелері жөнінде;

республикада бірыңғай мемлекеттік жұмыспен қамту қызметін құру мақсатында "Мемлекеттік жұмыспен қамту қызметін ұйымдастыру туралы" 1948 жылғы N 88 ХЕҰ

Конвенциясын бекіту жөнінде;

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Z970163_ Қазақстан Республикасының Заңына мүгедектерді және бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жүрген адамдарды жұмыспен қамтамасыз ету жөнінде жағдай жасауды көздейтін толықтырулар енгізу жөнінде;

инвестициялар мен жер қойнауын пайдаланушылардың қазақстандық кадрларды даярлап шығаруды жүргізу міндеттері бөлігінде "Шетелдік инвестициялар туралы" Z949000_ , "Жер қойнауы мен жер қойнауын пайдалану туралы" U962828_ , "Мұнай туралы" U952350_ заңнамалық кесімдеріне толықтырулар енгізу жөнінде;

еңбек процесінде адамның қауіпсіздігін, денсаулығын және еңбекке қабілеттілігін қамтамасыз ету жөнінде;

алушылардың табысын ескере отырып арнаулы мемлекеттік жәрдемақыларды төлеудің атаулылығын күшейту үшін "Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы" Z990365_ Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде.

Заңдарға қосымша нормативтік кесімдер:

аз қамтамасыз етілген азаматтарға арналған шағын несиелендіру, жеке кәсіпкерлікті дамыту жүйесін енгізу жөнінде;

ішкі еңбек рыногын қорғау үшін жұмыс берушілердің шетелдік жұмыс күшін жұмысқа қабылдауды квоталау жөнінде;

қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру жөнінде;

белгілі тұрағы жоқ адамдарға арналған әлеуметтік бейімдеу орталықтарын құру жөнінде қабылданады.

9. "Бағдарламаның орындалуын ақпараттық қамтамасыз ету

Бағдарламаны ақпараттық қамтамасыз ету мақсатында:

халықты бұқаралық ақпарат құралдары арқылы бос жұмыс орындары туралы тұрақты хабардар ету;

жұмысқа орналастыру, еңбек және жұмыспен қамту туралы заңнама мәселелері жөнінде азаматтармен консультациялар жүргізу; еңбек рыногындағы ахуал, жұмысқа орналастыру, қайта оқыту және

кәсіптік бағдар беру, жұмыссыздардың біліктілігін арттыру мүмкіндігі туралы ақпараттық-анықтамалық және статистикалық материалдардың сапасын және оған халықтың қол жетімділігін арттыру;

Бағдарламаның іске асырылу барысын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау;

кедейлік және жұмыссыздық проблемалары жөнінде теледидар мен радиохабарларда сөз сөйлеулер ұйымдастыру, баспасөз конференцияларын өткізу жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Оқығандар:

Қасымбеков Б.А.

Орынбекова Д.Қ.